

ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ОТБАСЫЛЫҚ ӨМІРГЕ ДАЯРЛАУДА ҰЛТТЫҚ ДӘСТҮРДІ ПАЙДАЛАНУ

Атемова Қалипа Тұрсынқызы

*Қожас Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университетінің
профессоры, педагогика ғылымдарының докторы.*

Рысбек Сымбат Ерғазықызы

*Қожас Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университетінің
I курс магистранты*

symbat_rysbek@mail.ru

Аннотация: Жоғары сынып оқушыларының отбасы туралы көзқарастары. жоғары сынып оқушыларына отбасында, қоғамда және халық тұрмысында қалыптасқан жарасымды қарым-қатынас пен мінез-құлық формаларының мәнін игерту. Жоғары сынып оқушыларының отбасы-некелік өмірге деген көзқарасы, білімі және іс-әрекеті қоршаған ортада, отбасында, мектепте, көшеде және басқалармен арадағы қарым-қатынаста көрініп, біліне бастайтындығында. Халықтық және өркенниеттік, отбасылық құндылықтарды игерту негізінде жоғары сынып оқушыларын отбасылық жауапкершілікке баулу.

Түйіндеме сөздер: Этникалық мәдениет, мәдениет, жоғары сынып оқушылары, отбасы мен неке.

Аннотация: Взгляды старшеклассников на семью. овладение старшеклассниками значением адекватных форм общения и поведения, сложившихся в семье, обществе и быте народа. Отношение, знания и действия старшеклассников к семейно-брачной жизни проявляются и начинают проявляться в окружающей среде, в семье, в школе, на улице и во взаимоотношениях с окружающими. Привлечение старшеклассников к семейной ответственности на основе овладения народными и цивилизационными, семейными ценностями.

Ключевые слова: Этническая культура, культура, старшеклассники, семья и брак.

Abstract: High school students' views on the family. mastering by high school students the meaning of adequate forms of communication and behavior that have developed in the family, society and everyday life of the people. The attitude, knowledge, and actions of high school students towards family and marriage life manifest themselves and begin to manifest themselves in the environment, in the family, at school, on the street, and in relationships with others. Bringing high school students to family responsibility on the basis of mastering folk and civilizational, family values.

Key words: Ethnic culture, culture, high school students, family and marriage

Kіріспе

Халқымызда «Отан отбасынан басталады» деген қарапайым қағидат қай дәуірде болсын өзгерген емес, өзгермек те емес. Елбасы «Отбасы – Қазақстан қоғамының діңгегі, экономикадағы, мәдениеттегі, әлеуметтік саясаттағы барлық жаңа жетістіктерінің негізі» деп бұл мәселенің біздің қоғам үшін маңызын көрсетіп берді.

Дәстүр мен мәдениет – ұлттың генетикалық коды. Біздің қоғамда әртүрлі мәдени элементтер бір-бірімен біріккен және бірін-бірі толықтырып тұрады, біріне-бірі нәр беріп тұрады. Біз өзіміздің ұлттық мәдениетіміз бен дәстүрлерімізді осы әралуандығымен және ұлылығымен қосып қорғауымыз керек, мәдени игілігімізді бөлшектеп болса да жинастыруымыз керек»

Тұлғаның дамуы мен әлеуметтенуінде әр халықтың және бүкіл адамзаттың рухани және материалдық өмір саласындағы байлығы –

этникалық мәдениет сарқылмайтын мүмкіндіктерге ие. Н.Смельзердің анықтамасы бойынша мәдениет – белгілі бір тұрмыс қалпының ортақтығы байланыстыратын адамдар үшін ортақ құндылықтар, өмір туралы түсініктер жүйесі [1, 654 б.]. Этникалық мәдениет – бұл этникалық топ өкілдері жасаған және оның ерекшеліктері мен өзіндік бейнесін көрсететін материалдық және рухани құндылықтар. Мәдени әр алуандық – бөлмейтін, керісінше біріктіретін құндылық. Этникалық әр алуандыққа негізделген Қазақстан халқының ділін жас ұрпақ әлемдік мәдениет ағынында жоғалтпастан бірегей ұлттық игілік ретінде сақтауы қажет.

Бала тәрбиесінің негізі - бұл оның отбасы. Осы шағын әлеуметтік топ - бала үшін өмір мектебі. Отбасындағы ата-ана баланың өмірлік ұстазы және тәрбиешісі. Баланың болашағы, білімі, мәдениеті отбасындағы ата-ананың сіңірген еңбегіне, тәлім-тәрбиесіне байланысты. Сондықтан, әрбір ата-ана өзінің баласын білімді, мәдениетті, жан-жақты етіп тәрбиелеуге міндетті. Қазіргі кезде отбасы тәрбиесі мәселесі әлемдік деңгейде қарастырылуда. Оған «Балалар құқығы туралы Конвенция» (1995), Қазақстан Республикасының «Білім туралы заңы» (2007), Қазақстан Республикасының «Балалардың құқығы туралы Заңы» (2002). Үкіметтен қолдау тапқан бұл құжаттарда үздіксіз білім беру жүйесінің алғашқы сатысы балабақшадан бастап, мектеп аяқтағанға дейінгі балаларды оқыту, тәрбиелеу мәселесін жоспарлы түрде шешіп, отбасына педагогикалық көмек беруді мақсат етеді. Ал, ата-ананың педагогикалық білімінің неғұрлым жоғары болуы олардың қоғам алдында өз балаларының тәлім-тәрбиесі үшін жауапкершілігін арттырады. Сондықтан да баланы жағымды ортада тәрбиелеу мен оқыту қазіргі таңдағы ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады. [2, 17 б.]

Қазақстанның тәуелсіз өркениетті мемлекет болуына байланысты Қазақстан Республикасының «Білім беру туралы» Заңының қабылдануы, қазақ тілінің «Мемлекеттік тіл» ретінде жариялануы, қазақ этнопедагогикасының дербес ғылым мәртебесіне жетуі, «Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамытудың тұжырымдамасының», «Мәдени мұра бағдарламасының» және «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» заңдарының қабылдануы жасөспірімдерді халқымыздың дәстүрлі еңбек түрлеріне тәрбиелеу мәселесіне жаңаша көзқарас тұрғысынан қарауды талап етеді. Бүгінгі таңда жасөспірімдерге көпсалалы ұлттық мектептерде халықтың дәстүрлі еңбегімен тығыз байланыста тәрбие беруге зор үміт артылып отыр. [3, 3 б.]

Ғылыми-педагогикалық әдебиеттер мен зерттеу нәтижелері көрсеткендей, отбасы-некелік өмірдің негізгі көрсеткіштері мынадай бағыттар бойынша айқындалады:

- 1) *көзқарас;*
- 2) *білім;*
- 3) *іс-әрекет үлгілер*

Жоғары сынып оқушыларының отбасы-некелік өмірге дайындығы дегеніміз олардың отбасы туралы көзқарастарының пайда болуы, отбасы туралы білімдерінің жүйеленуі және отбасындағы үлгілі іс-әрекеттерінің

калыптасуы болып табылады. Жоғары сынып оқушыларының отбасы-некелік өмірге деген көзқарасы, білімі және іс-әрекеті қоршаған ортада: отбасында, мектепте, көшеде және басқалармен арадағы қарым-қатынаста көрініп, біліне бастайды. Оқушылардың әр сыныптағы жеке даралық қалыптасу, даму ерекшеліктерін ескере келе, жоғары сынып оқушыларының отбасы-некелік өмірге даярлығының көрсеткіштері ретінде мыналар алынды:

- 1) жоғары сынып оқушыларының отбасы туралы көзқарастары;
- 2) жоғары сынып оқушыларының отбасы туралы білімі;
- 3) жоғары сынып оқушыларының отбасындағы іс-әрекет үлгілері.

Жоғары сынып оқушыларының отбасы-некелік өмірге деген көзқарасы ретінде отбасы, неке, отбасы бюджеті, отбасындағы тәрбиенің болу қажеттігін түсіну, отбасын құрудың қажеттігі, отбасының әлеуметтік мәні, отбасы мүшелерінің құқығы, некелесуге дейінгі қарым-қатынас қажеттігі, ата-анаға қамқорлық, отбасында балаларға дұрыс тәрбие берудің қажеттігі, отбасындағы қыз бала тәрбиесінің ерекшелігі, отбасындағы ұл бала тәрбиесінің ерекшелігі, отбасы мүшелерінің қарым-қатынасының орнықты болуы, отбасында кездесетін қиыншылықты шешу жолдары және т.б. айқындалады. Жоғары сынып оқушыларының отбасы-некелік өмір туралы білімі отбасы туралы түсінігімен, қазақ халқындағы отбасы мен неке құрудың ерекшеліктері жөніндегі пікірімен, отбасының жіктелуіне қатысты ұғымдарымен, отбасының жыныстық, экономикалық, реттеушілік, бос уақыт қызметі турасындағы ойларымен және отбасы мен некенің әлеуметтік мәні жайлы көзқарасымен анықталады. [4, 98 б.]

Негізгі бөлім

Жоғары сынып оқушыларының отбасы-некелік өмірге дайындығының ерекше бір көрсеткіші — отбасындағы үлгілі іс-әрекеттері, яғни отбасы мүшелері арасындағы өзара құрмет қарым-қатынасын орнату; әлеуметтік ортамен тығыз байланыста болу; көпшілік-бұқаралық ақпараттар мен хабарлар жайында мағлұматтар алу; әдебиет пен өнер саласынан хабардар болу; табиғи ортаны күтіп-баптау; отбасындағы әкенің жеке басының қадір-қасиеті; отбасындағы ана рөлінің ерекшелігі; [5]

Отбасындағы ата мен әженің орны; ата-ана мен балалар арасында дұрыс қарым-қатынас орнату; ана мен қыз бала арасындағы қарым-қатынасты нығайту; әке мен ұл бала арасындағы байланысты нығайту; %олкенді сыйлау, кішіге көмек көрсету; отбасында теріс іс-әрекеттерді болдырмау; салт-дәстүрімізді сақтау; әдет-ғұрпымызды қадір тұту; тілімізді, дінімізді қадірлеу; еңбексүйгіштікке, имандылыққа баулу және т.б. [6, 81 б.]

Жоғары сынып оқушыларын отбасы-некелік өмірге дайындаудың педагогикалық әдіс-тәсілдері: талдау, жинақтау, қорытындылау, бақылау және эксперимент жүргізу, сұрақ-жауап, әңгіме, модельдеу, т.б. және халықтық педагогика әдістері: мақал-мәтелдер, салт-дәстүрлер, нақыл сөздер, үлгі-өнеге көрсету, үйрету, түсіндіру, ырым ету, тілектестік білдіру, бата беру, қолдау, ақыл-кеңес,

Жоғары сынып оқушыларын отбасы-некелік өмірге дайындаудың негізгі формаларын төмендегідей мәнде белгіледік:

— жоғары сынып оқушыларына отбасында, қоғамда және халық тұрмысында қалыптасқан жарасымды қарым-қатынас пен мінез-құлық формаларының мәнін игерту;

— жоғары сынып оқушыларының моральдық сезімінің отбасылық-адамгершілік сапасының дамуына ықпал ететін тәртібін, мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру;

— халықтық және өркениеттік, отбасылық құндылықтарды игерту негізінде жоғары сынып оқушыларын отбасылық жауапкершілікке баулу;

— мектептің оқу-тәрбие жұмысының барлық формаларын жоғары сынып оқушыларының отбасылық тәрбиесін қоғам талаптарына негіздеп, әлеуметтендіруге бағыттау.

Еңбек тәрбиесінде отбасы және мектепке дейінгі тәлім-тәрбиені сабақтастыра отырып, жаңа мазмұнды «Ана-ене салты», «Ата-әке салты», «Қолөнері», «Қыз-келін салты», «Ұлттық ойындар», «Саятшы», «Зергер», «Ұста», «Жігіт салты», «Шежіре», т.б. дәстүрлі еңбек тәрбиесіне бағытталған үйірмелер, клубтар ұйымдастыру; оқушылардың техникалық қызығушылығын арттыруға баса назар аудару; [3, 17 б.]

Қазақ ұлтының дәстүрлі еңбек түрлерінің қайта түлеуіне, жасөспірімдерді еңбекке даярлаудағы этникалық салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың еркін гүлденуіне құқылы екенін жас ұрпақтың санасына сіңіру. Балалар мен жастардың еңбек етуге әдеттену, әзірлену, жұмысты істей білуге деген ықыласын арттыру; олардың ұжымдық еңбек дағдыларын қалыптастыру; еңбексүйгіштік, шығармашылық, белсенділік, іскерлік қасиеттерін дамытып, оны қоғамдық еңбек талабына сай іске асыруға көмектесу.

Тәрбиенің басты бұлағы – «ата-ана мектебі», сондықтан қыз бала мен ер бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөлу, оларды келешекте отбасының иелері деп есептеп қыз баланы: отбасының береке-құтын сақтайтын келін, ана ретінде имандылыққа, әдептілікке, кішіпейілділікке, кешірімділікке, жан сұлулығы мен тән сұлулығының жарасымды қасиеттеріне жастайынан бейімдеу; отбасына қажетті іскерлік пен дәстүрлі еңбектің түрлеріне: ас пісіру, іс тігу, кесте тоқу, үй ішін, өзін-өзі таза ұстау, үнемдеу, бала тәрбиелеу, т.б. үйрету, дағдыландыру; ер баланы: үй шаруашылығына көмектесуге, мал, егін шаруашылықтарына, қолөнер еңбегіне баулу және атбегілікке, құсбегілікке, сазгерлікке, т.б. үйрету, бейімдеу; [3, 6 б.]

Қоғамның отбасына және некеге деген ықыласы бұрынғыдан да маңызды болып отыр. Бұл ықылас отбасының адами тіршілік әрекетінің барлық аясымен байланысқан. Қоғамның орнықтылығы және оның ішкі байланыстарының басымдылығы отбасы институтының жағдайына тәуелді. Отбасы қазір қандай болса, бұрын да сондай маңызды болған және әр уақыттағы әлеуметтік қоғамда субъект те, объект те болып, өзінің табиғатын %өнемі өзгертіп, адамзат тарихында әрқашан қандай да әлеуметтік міндеттерді шешудің алдында жүрді. Отбасы мен неке институтының осы өзгерістерде қаншалықты жаңа сапа тауып, ескісін жоғалтатыны қоғамның және мемлекеттің бұл проблемаға қатынасына байланысты. Отбасы

мемлекеттің орнықсыздық жағдайында өз табиғатының белгілі бір тұрақтылығын жоғалтты.

Жоғары білім берудің жаңа парадигмасы нәтижесі білім алушылардың құндылықтар жүйесін қайта қарауға әкелетін білімге бағытталып отыр. Өйткені білімнің өзінің құндылықтар жүйесі – субъектілердің өзін-өзі өзгертіп, өзін-өзі дамытуында мақсаттарға жетіп, нарықтың бәсекелестік заңдарына шыдай отырып, табысты өмір сүруге дайындау болып табылады. Біздің ойымызша, табысты өмір сүрудің бірі – отбасылық өмір. Отбасы құндылығы әлеуметтік өмірдің ірі ауқымдағы құрылымы. Сондай-ақ, ол материалдық және рухани тұрғыдағы қатынастарға негізделеді. Осы тұрғыдан алғанда, студенттердің отбасы-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру мәселесі ЖОО-дары іс-әрекетінің маңызды бағыттарының бірі болады. Ғылыми әдебиеттер талдауы көрсеткендей, отбасы - адамгершілік құндылықтар феномені барлық құбылыстар секілді адамзат қоғамында пайда болған және оның даму кезеңдерінде ғалымдарды толғандырған маңызды мәселелердің бірі. Бүгінде отбасы статусы мазмұны жағынан иерархиялық тұрғыдан әртүрлі тарихи-әлеуметтік деңгейге ие. Әрбір тарихи дәуір әлеуметтік реттеудің жоғары деңгейі ретінде қатысатын құндылықтар иерархиясы және олардың өзіндік ерекше жиынтығымен сипатталады. Құндылықтар жүйесі қоғамның тарихи дамуында қалыптасады және өзгереді. Адамның құндылықтар жүйесі оның әлемге деген қарым-қатынасының негізі болып табылады. Сондықтан, адамзаттық өзара қарым-қатынас тарихында тамыры терең, ерекше орын алатын отбасының өмірге ұрпақ әкелу және оны тәрбиелеу, билікті бөлісу функциялары секілді негізгі өзекті мәселелерін тарихи - философиялық тұрғыдан түсіндіру отбасы тұжырымдамасының генезисі мен эволюциясының маңызды кезеңдерін қарастыруды талап етеді.

Отбасы мәселесіне арналған психологиялық ғылыми зерттеулерді талдау отбасының психологиялық феномен ретіндегі функцияларының механизмдерін түсіндірудің екі бағытын бөліп көрсетуге мүмкіндік береді. Бірінші бағытта отбасы кіші топ ретінде зерттеледі (М.Земская, Е.В.Криченко, В.А.Терехин, т.б.), онда басқа кіші топтан ажыратылатын отбасының ерекшеліктері, ондағы өтетін үрдістер, отбасы түсінігін кеңейту тенденциялары қарастырылады. Бұл зерттеулерде отбасын құндылықтардың бірегейлігіне, сондай-ақ әлеммен өзара қатынаста ерлі-зайыптылардың өмірлік ұстанымдарының ұқсастығына негізделген әлеуметтік, мәдени қауымдастық ретінде қарастыру тенденциясы бөліп көрсетіледі [5]

Зерттеулерге сүйенсек, ресейлік ғалымдар отбасы әлеуметтік институтының эволюциясын мынадай маңызды кезеңдерге бөліп, сипаттама береді: 1) тілдік отбасылық кезең; 2) христиандық отбасы кезеңі; 3) Ресейдегі XVIII - XX ғасырды басындағы отбасы институты кезеңі; 4) Кеңестік Ресейдегі отбасы институты кезеңі (кеңестік отбасы кезеңі); 5) заманауи ресейлік отбасы институты кезеңі. Мұнда XX ғасырды басынан бастап, отбасылық-некелік қатынастардың құқықтық қорғалуы, діни салтдәстүрлердің орын алуы мәселесіне мемлекеттік тұрғыдан назар аударылғанын көрсетеді [5].

Қ.Т.Атемованың еңбектерінде: «Отбасында балалар мен ересектер де тәрбиеленеді. Әсіресе отбасының ықпалы жасөспірімдерге ерекше әсер етеді. Сондықтан отбасының тәрбие берушілік қызметі үш аспектіден тұрады:

- Бірінші – баланың жеке басын қалыптастыру, оның қызығушылығы мен қабілетін дамыту;

- Екінші – үйдегі әрбір адамның жеке басына отбасы ұжымының үнемі жүйелі түрде тәрбиелік ықпал етіп отыруы;

- Үшінші – отбасындағы балалардың үнемі ересектердің өздерін-өздері белсенді түрде тәрбиелеп отыруына мәжбүр ететіндей әсер етуі» бұл айтылғандардың барлығы дерлік өмірлік тәжірибелер арқылы жүзеге асырылады дейді.

Қорытынды жаса келе Олар: өмірге ғылыми көзқарас, еңбекке деген жоғары адамгершілікті қарым-қатынас, достық пен бауырмашылдық сезімін ояту, қоғамдық мінез-құлық талаптарын сақтай білу, интеллекттік, эстетикалық дамуды дене жағынан дамумен ұштастыру, денсаулығын сақтау мен санитарлық-гигиеналық білімін жетілдіру секілді қоғамнан алған өмірлік тәжірибелері болуы мүмкін» деп беріледі. Ғалымның пікірінше, отбасы баланың өмір жолын бастайтын және қоршаған орта туралы тиянақты да терең әсер алатын ұжымы екенін, соның негізінде білім, әдет, мінезқұлықпен өмірге деген көзқарастың қалыптасатынын көруге болады [7, 84 б.]. Жоғары сынып оқушыларын отбасы-некелік өмірге дайындаудың қазіргі практикасын зерттеу, әлеуметтік, жалпы педагогикалық, әдістемелік тұрғыда талдау жасау оқушылардың отбасы-некелік өмір туралы білімдерінің аздығын көрсетті. Отбасы-некелік өмір туралы оқушы білімінің шешуші фактор ретінде қарастырылмағаны, оқушылардың отбасы туралы мұратын қалыптастыру міндеті қойылмағаны айқындалды

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Смелзер, Н. Социология: учебник / Н. Смелзер. – М.,1994.- 683 с
2. Қазақ отбасы тәрбиесі: Оқу құралы/ Ибраимова Л.Н., Абдикеримова П.Ж., Алиева П.С./ Тараз: ТарМПИ, 2016- 160 б
3. Шалғынбаева Қ.Қ. Қазақ халқының еңбек тәрбиесі дәстүрлерін үздіксіз білім беру жүйесінде пайдалану тұжырымдамасы алматы, 2004- 25
4. А. А. Жумадуллаева Отбасы-некелік тәрбие негіздері: Оқу құралы.— Алматы: Нұр-пресс, 2008.— 146 бет
5. Нишанбаева С.З Педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің отбасыадамгершілік құндылықтарын қалыптастыру диссертация Алматы, 2019-192 б.
6. <https://egemen.kz/article/161153-otbasy-qundylyqtary-dgane-ulttyq-tarbie>
7. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар мен педагогтердің жаңашыл тәсілдері негізінде тәрбие жүйесін жаңарту жолдары. Әдістемелік құрал. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2013. – 64 б.